

Мәслихаттың 2009 жылғы 20 қарашадағы № 233 "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2015 жылғы 17 наурыздағы № 385 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 сәуірде № 5497 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2018 жылғы 2 наурыздағы № 245 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 02.03.2018 № 245 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 495-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 6-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңының 1-бабы 3-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облыстық мәслихатының 2009 жылғы 20 қарашадағы № 233 "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3697 тіркелген, 2009 жылғы 23 желтоқсанда "Қостанай таңы" және "Костанайские новости" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбындағы "ставкалары" деген сөз "мөлшерлемелері" деген сөзбен ауыстырылсын, орыс тіліндегі тақырыбы өзгермейді;

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 495-бабымен белгіленген қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлемелері Қостанай облысы бойынша елу пайызға, күл және күлшлактарын орналастырғаны үшін жүз пайызға көтеретін төлемақы мөлшерлемелерінен басқалары, көтерілсін."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 11 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Сессия төрағасы
Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы

А. Сағнаев
С. Ещанов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Мемлекеттік кірістер
комитетінің Қостанай облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті"
республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ А. Паяев

"Қостанай облысы әкімдігінің
қаржы басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ С. Аймұхамбетова

"Қостанай облысы әкімдігінің
табиғи ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Қ. Төлеубаев

"Қостанай облысы әкімдігінің
экономика және бюджеттік
жоспарлау басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Е. Спанов